

"Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2013 жылғы 18 қаңтардағы № 8 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 24 қаңтарда № 8291 тіркелді

Мемлекеттік статистиканы жетілдіру мақсатында, сондай-ақ «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2) тармақшасына және 16-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығына (Мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 16 тамызда № 6394 болып тіркелген, 2010 жылғы 24 тамыздағы № 342-343 (26186) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну ережесінде:

Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну ережесіне қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Құқықтық және ұйымдық қамтамасыз ету департаменті Жіктелімдер және ақпараттық технологиялар департаментімен бірге заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны күнтізбелік он күннің ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Интернет-ресурсында міндетті түрде жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Жіктелімдер және ақпараттық технологиялар департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің құрылымдық бөлімшелерінің және аумақтық органдарының назарына ж е т к і з с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының орынбасарына (А. Ашуев) жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Ә. Смайылов

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрі

А.С. Мамытбеков _____

2012 жылғы 24 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасы

Бәсекелестікті қорғау агенттігінің

(Монополияға қарсы агенттік)

т ө р а ғ а с ы

Ғ.Р. Әбдірахымов _____

2012 жылғы 26 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрі

Б.Т. Жұмағұлов _____

2012 жылғы 22 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрі

С.З. Қайырбекова _____

2012 жылғы 26 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрі

С.С. Әбденов _____

2012 жылғы 24 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасы

Жер ресурстарын басқару

агенттігінің төрағасы

Қ.М. Отаров _____

2012 жылғы 25 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа
технологиялар министрі
Ә.Ө. Исекешев -----

2012 жылғы 26 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрі
А.Қ. Жұмағалиев -----

2012 жылғы 25 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі
Б.Б. Жәмішев -----

2012 жылғы 25 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
Ә.Р. Жақсыбеков -----

2012 жылғы 25 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау министрі
Н.Ж. Қаппаров -----

2012 жылғы 26 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасы
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық істері агенттігінің төрағасы
С.К. Нокин -----

2012 жылғы 28 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрі
Д.Қ. Мыңбай -----

2012 жылғы 27 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің төрағасы
А.М. Байменов -----

2012 жылғы 24 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасы
Мұнай және газ министрі
С.М. Мыңбаев -----

2012 жылғы 26 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасы
Спорт және дене шынықтыру
істері агенттігінің төрағасы
Т.А. Ермагияев -----

2012 жылғы 20 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрі
Е. Ыдырысов -----

2012 жылғы 27 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу
агенттігінің төрағасы
М.М. Оспанов -----

2012 жылғы 29 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банк төрағасы
Г.А. Марченко -----

2012 жылғы 28 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасы
Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы
Т.А. Мұсабаев -----

2012 жылғы 25 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрі

Қ.Н. Қасымов

2012 жылғы 14 қараша

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасы

Экономикалық даму және

сауда министрі

Е.А. Досаев

2012 жылғы 27 желтоқсан

Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігі төрағасының

2013 жылғы 18 қаңтардағы

№ 8 бұйрығына қосымша

2012 жылғы 14 шілдедегі № 183

Әкімшілік дереккөздердің

әкімшілік деректерді өтеусіз

негізде ұсыну ережесіне қосымша

Нысан

Қолда бар және әзірленетін әкімшілік деректер туралы ақпарат

(Мемлекеттік орган атауы)

№	Әкімшілік деректер атауы	Қалыптастыру кезеңділігі	Жинау нысаны (электронды түрде, қағазда)	Ақпараттық жүйенің бар болуы	Мемлекеттік жіктеуіштердің коды мен атауы	Ведомстволық жіктелімдердің коды мен атауы
1	2	3	4	5	6	7

Осы кестені толтыру бойынша түсініктемелер.

1) 2 бағанда әкімшілік дереккөздердің статистикалық қызметті қоспағанда алатын (жинайтын) ақпараттарының қысқаша сипаттамасы. Яғни, ведомстволық статистикалық байқаулар шеңберінде жинақталатын ақпараттар қосылмайды.

2) 3 бағанда әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді алу (жинаудың) кезеңділігі көрсетіледі (осы бағанда келесі мәндерге жол беріледі - түсу шамасы бойынша, - қажеттілік бойынша, - күн сайын, - апта сайын, - ай сайын, - тоқсан сайын, - жарты жылда 1 рет, - жыл сайын);

3) 4 бағанда алғашқы статистикалық деректерді қоспағанда әкімшілік дереккөздермен қалыптастырылған ақпаратты алу (жинау) нысаны көрсетіледі.

Келесі мәндерге рұқсат етіледі:

«электронды түрде» (егер әкімшілік деректерді жинау электронды түрде жүзеге

а с ы р ы л а т ы н б о л с а) ;

«қағаз тасығышта» (егер әкімшілік деректер жинау қағаз тасымалдауышта жүзеге

а с ы р ы л а т ы н б о л с а) ;

Егер ақпарат жинау қағаз тасығышта және электронды тасығышта да жүргізілетін болса, екі мәтіннің бір уақытта болуына рұқсат беріледі.

4) 5 бағанда әкімшілік деректер алу (жинау) үшін ақпараттық жүйенің болуы көрсетіледі. «Иә» немесе «жоқ» деген мәтіндерге рұқсат етіледі;

5) 6 бағанда Жіктелім тізілімі бойынша коды және әкімшілік деректер алу (жинау) кезінде қолданылатын жіктеуіштердің (жіктелімдерді ретке келтіру және сәйкестендіру мақсатында қалыптастырылған жіктелімдердің жүйелендірілген тізбесі) атауы тізбеленеді (техникалық реттеу саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген мемлекеттік жіктеуіштер ғана көрсетіледі);

6) 7 бағанда Жіктелім тізілімі бойынша коды және әкімшілік деректер алу (жинау) кезінде қолданылған жіктеуіштердің атауы тізбеленеді (әкімшілік дереккөздермен әзірленген және бекітілген ведомстволық жіктелімдер (белгіленген тәртіппен министрліктер мен ведомстволардың белгілі саласында ресми статистикалық ақпаратты өндірісте қолдануға арналған жіктеуіш, номенклатура және анықтамалық) к ө р с е т і л е д і) .

Е с к е р т у :

1. Жіктелім әдісі сатылы немесе фасеттік болуы керек;

2. Ведомстволық жіктелімдерді кодтау кезінде кодтаудың мынадай түрлері қ о л д а н ы л у ы қ а ж е т :

1) б і р і з д і л і к ;

2) п а р а л л е л ь д і к ;

3) р е т т і к ;

4) с е р и я л ы қ - р е т т і к .

3. Ведомстволық жіктелімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу барысында ведомстволық жіктелімдер айқындамасының әр коды үшін келесі директивалар қ о л д а н ы л а д ы :

1) «К» - «Күші жойылған», айқындаманың күшін жою;

2) «Е» - «Енгізу», жаңа айқындама енгізу;

3) «Ө» - «Өзгерту», айқындама атауын өзгерту.

4. Ведомстволық жіктелімнің әр элементі бойынша элементтің «басталу күні» және «аяқталу күні» көрсетіледі.

5. Ведомстволық жіктелімдерді қайта қарастырғанда және өзгерістер мен толықтырулар енгізгенде сәйкестендіру кестелерін (өтпелі кілттерін) қоса беру қажет.

6. Ведомстволық жіктелімдер және сәйкестендіру кестелері мемлекеттік және орыс тілдерінде EXCEL форматында беріледі.

7. Ведомстволық жіктелімдердің күші жойылған жағдайда әкімшілік дереккөздер

жіктелімнің күші жойылған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ